

**«Республикалық физика-математика мектебі» КеАҚ
7, 8 сыныптарда оқу үшін байқауды ұйымдастырудың және өткізудің
ережелері**

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Білім беру грантын беру бойынша байқауды ұйымдастырудың және өткізудің ережелері Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, «Республикалық физика-математика мектебі» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – РФММ) жарғысына сәйкес әзірленген және білім беру грантын беру үшін үміткерлерді іріктеуді ұйымдастырудың және жүзеге асырудың тәртібін анықтайды.

1.2. Осы Ережелерде келесі ұғымдар қолданылады:

РФММ-ге түсуге үміткерлер (бұдан әрі – үміткерлер) – орта білім беру ұйымдарында оқитын және 7, 8 сыныптарда оқуға үміткер оқушылар;

қабылдау комиссиясы – білім беру гранты бойынша немесе ақылы бөлімге оқуға түскендердің құжаттарын қабылдайтын және байқау арқылы 7, 8 сыныптарда оқуға үміткерлерді іріктеуді өткізуді ұйымдастыратын комиссия;

РФММ қабылдау комиссиясының интернет-ресурсы – www.admissions.fizmat.kz;

онлайн-сауалнама – РФММ қабылдау комиссиясының интернет-ресурсында толтырылатын, қабылдау комиссиясы бекіткен сауалнаманың нысаны.

2. Байқауға қатысуға тіркелудің тәртібі

2.1. Құжаттарды қабылдау және үміткерлерді байқау арқылы іріктеуді ұйымдастыру үшін РФММ Басқарма Төрағасының бұйрығымен педагогикалық қызметкерлер, әкімшілік-басқарушылық қызметкерлер және оқу-қосалқы қызметкерлер құрамынан қабылдау комиссиясы құрылады.

2.2. Тіркеу мерзімдері, байқаулық іріктеуді өткізудің және байқаулық іріктеуден табысты өткен үміткерлердің құжаттарын қабылдаудың орны және күні РФММ Басқармасының шешімімен анықталады және www.admissions.fizmat.kz сайтында жарияланады.

2.3. «РФММ» КеАҚ-ға түсу кезінде байқаулық іріктеуге қатысу үшін үміткерге www.admissions.fizmat.kz сайтында орналасқан онлайн-сауалнаманы толтыру қажет.

2.4. Көрсетілген мерзімдерде www.admissions.fizmat.kz сайтында онлайн-тіркеуден өтпеген үміткерлер қабылдау емтихандарын тапсыруға жіберілмейді.

2.5. Онлайн-тіркеуден өткен кезде үміткердің деректерін туу туралы куәлікте көрсетілген мәліметтерге сәйкес көрсету қажет.

2.6. Үміткердің фотосуреті онлайн-сауалнаманы толтырғанда көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Олай болмаған жағдайда үміткер қабылдау емтихандарына жіберілмейді.

2.7. Келесі тұлғалар байқаулық іріктеуге қатысуға құқылы: Қазақстан Республикасының азаматтары, ҚР «Білім туралы» заңының 8 бабының 2 тармағымен және ҚР БҒМ 28.09.2010 ж. № 468 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу ережелерімен талап етілген құжаттарды ұсынған кезде ҚР аумағында тұрақты тұратын, сондай-ақ отбасымен қосылу мақсатында ҚР келген шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар.

3. Байқауды өткізудің шарттары

3.1. Үміткерлерді іріктеу олардың бейінді пәндер бойынша дайындалу деңгейін және РФММ-де оқуға қабілетін анықтау жолымен байқау негізінде жүзеге асырылады.

3.2. Қабылдау комиссиясымен белгіленген байқаулық іріктеуді өткізудің мерзімдері барлық үміткерлер үшін бірыңғай болып табылады.

3.3. Қажеттілік болған кезде және РФММ мүмкіндіктері бар болған жағдайда аймақтардан балаларды қабылдау үшін шығыс емтихан комиссиялары ұйымдастырылады. Осы жағдайда қабылдау мерзімдері негізгі мерзімдерден өзгеше болуы мүмкін.

4. Байқауды өткізудің тәртібі

4.1. Байқаулық іріктеу жауаптары бар нұсқалармен тестілеу түрінде өтеді.

4.2. 7 сыныпқа оқуға үміткерлер үшін қабылдау емтиханы келесі тесттерден құралады:

- 1) математиканы оқуға қабілетті бағалау бойынша тест, оның ішінде логикалық ойлауға бағытталған тапсырмалар бар;
- 2) ағылшын тілінің деңгейін бағалау бойынша тест.

4.3. 8 сыныпқа оқуға үміткерлер үшін қабылдау емтиханы кешенді тестілеуден құралады:

- 1) математиканы оқуға қабілеттерді бағалау бойынша тест;
- 2) физиканы оқуға қабілеттерді бағалау бойынша тест;
- 3) ағылшын тілінің деңгейін бағалау бойынша тест.

4.4. Қабылдау емтиханын тапсыруға бөлінген уақыт 2 сағатты құрайды.

4.5. Емтихан материалдарын үлестіріп беруге, үміткерге дәрісханада өзін ұстау ережелерін түсіндіруге жұмсалған уақыт байқауды өткізуге бөлінген уақытқа кірмейді.

4.6. Үміткерге сұрақ-кітапшасы, жауап парағы және жауап парағының көшірмесі беріледі. Үміткер барлық қажетті есептеулерді сұрақ-кітапшасында орындайды, дұрыс жауаптарды жауап парағында белгілейді және жауап парағының көшірмесіне көшіреді, көшірмені өзімен бірге алады. Жауап парағының көшірмесі тек нәтижелерді дұрыс жауаптардың кодымен салыстыру үшін қажет және оның заңды күші болмайды.

4.7. Дұрыс жауаптардың кодтары қабылдау емтиханы аяқталғаннан кейін тәулік ішінде РФММ қабылдау комиссиясының интернет-ресурсында жарияланады.

4.8. Тестілеу нәтижелерін тексеру және бағалау үміткерлер жауаптарының нәтижелерін автоматты статистикалық өңдеу әдісімен жүзеге асырылады.

4.9. Байқау нәтижелері бойынша апелляция көзделмеген.

4.10. Тестілеу нәтижелерін тексеру жүргізілген кезде нәтижелер үміткердің жауап парағынан есептеледі. Сұрақ-кітапшасында белгіленген жауаптар қаралмайды.

4.11. Байқау нәтижелері тестілеу аяқталған күннен бастап 7 жұмыс күнінен кешіктірмей жарияланады және РФММ интернет-ресурсында орналастырылады.

5. РФММ-ге оқуға алу тәртібі

5.1. Үміткер жинаған балл сомасына байланысты оқуға түседі. Бірдей көрсеткіш болған жағдайда, бейінді пәндер (математика, логика және физика) бойынша жоғары балл жинаған тұлғалардың құқығы басым болады.

5.2. Ашық Қалалық Жәутіков олимпиадасының жеңімпаздары (1 дәрежелі диплом); Республикалық юниор олимпиадасының қорытынды кезеңінің жеңімпаздары (1 дәрежелі диплом); математика пәні бойынша Эйлер атындағы олимпиаданың (соңғы оқу жылы) жеңімпаздары (1 дәрежелі диплом); математика, физика және информатика пәндері бойынша Халықаралық Жәутіков олимпиадасының жүлдегерлері; Республикалық пән олимпиадасының жүлдегерлері; Халықаралық пән олимпиадасының жүлдегерлері (IBO, IMO, IOI,

ICHO, IPhO, IPO, IOAA) РФММ-ге байқаудан тыс сұхбаттасудан кейін оқуға алынады.

5.3. РФММ-ге оқуға түсу білім беру грантын беру жөніндегі қабылдау комиссиясының хаттамасы негізінде Басқарма Төрағасының бұйрығымен ресімделеді.

5.4. РФММ-ге оқуға алынғаннан кейін байқаудан табысты өткен оқушылар келесі құжаттарды ұсынады (мерзімдер РФММ қабылдау комиссиясының интернет-ресурсында көрсетіледі):

- 1) осы Ережелердің 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша оқуға түсуге өтініш;
- 2) туу туралы куәліктің көшірмесі, оқушының ЖСН, жеке куәлігі (бар болған жағдайда);
- 3) ЖСН көрсетілген заңды өкілдің жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) 086/у нысанындағы медициналық анықтама (денсаулық төлқұжаты) және 063 нысанындағы медициналық анықтама (егу төлқұжаты);
- 5) оқушы мекен-жайының анықтамасы;
- 6) ата-аналардың жұмыс орындарынан анықтамалар;
- 7) оқушының алдыңғы оқу жылдары бойынша оқу үлгерімі табелдерінің түпнұсқалары;
- 8) осы Ережелердің 2 қосымшасына сәйкес ҚР БҒМ бекіткен оқушының жеке ісі;
- 9) оқушының 3x4 өлшеміндегі фотосуреті – 2 дана.

5.5. Құжаттарды қабылдаудан бас тартуға келесі негіз бола алады:

- 1) оқуға түсу туралы өтінішті белгіленген мерзімдерден кейін ұсыну;
- 2) осы Ережелердің 5.4. тармағында белгіленген құжаттарды толықтай ұсынбау немесе қате мәліметтерді ұсыну.

6. Үміткерлердің резервтік тізімін құрудың және резервтік тізімдегі үміткерлерді РФММ-ге оқуға алудың тәртібі

6.1. Байқау нәтижелері бойынша қабылдау комиссиясы білім беру грантына түсу үшін жеткілікті балл жинай алмаған, алайда қабылдау комиссиясы бекіткен шеткі деңгейден жоғары балл алған үміткерлердің қатарынан резервтік тізім құрады.

6.2. Бос орындар бар болған жағдайда бірінші оқу тоқсаны ішінде ең жоғары балл жинаған резервтік тізімге енгізілген үміткерлерге қосымша байқау өткізілмей грант беріледі.

6.3. Бос орындар бар болған жағдайда бірінші оқу тоқсаны аяқталғаннан кейін ақылы негізде оқитын РФММ оқушылары қатарынан үміткерлер білім беру грантын алу үшін қосымша іріктеуден өтеді.

7. Ақылы негізде оқушыларды қабылдау тәртібі

7.1. Осы ережелердің 6.1 тармағына сәйкес резервтік тізімге енгізілген оқушылар ақылы негізде білім алуға үміттенеді.

7.2. РФММ Басқармасы орындар санын, ақылы негізде білім алу құнын, өтініштерді қабылдау мерзімдерін және оларды қарау тәртібін анықтайды және ақпарат РФММ қабылдау комиссиясының интернет-ресурсында жарияланады.

7.3. Тестілеу қорытындылары бойынша одан төменгі шеткі деңгейдегі РФММ қызметкерлерінің балалары ақылы негізде оқуға түседі.

8. Қорытынды ереже

8.1. Байқаулық іріктеуден өткен және білім беру грантын алған үміткердің заңды өкілі құжаттарды тапсырғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде РФММ Басқармасы бекіткен нысан бойынша білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа қол қояды.

8.2. Байқаулық іріктеуден өткен және ақылы негізде оқуға қабылданған үміткердің заңды өкілі құжаттарды тапсырғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде РФММ Басқармасы бекіткен нысан бойынша ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа қол қояды.

8.3. РФММ Басқармасы осы Ережелермен реттелмеген мәселелерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және бекітілген РФММ нормативтік актілеріне сәйкес шешіледі.